

Аудан көлемінде жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын жер салық ставкалары туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 17/6-04 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 сәуірде N 14-14-73 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2012 жылғы 5 қарашадағы N 9/9-05 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2012.11.05 № 9/9-05 Шешімімен.

" Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған".

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 379-бабына, 387-бабының 1-тармағына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына және Түлкібас аудандық мәслихаттың 2003 жылғы 29 қазандағы "Түлкібас ауданындағы жерлерді өңірлерге бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы" шешімімен бекітілген жерлерді өңірлерге бөлу жобасына (схемасына) сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына және казиноға бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 379-бабында белгіленген жер салығының базалық ставкалары 50 пайызға жоғарылатылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2010.12.22 N 37/10-04 (2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады) Шешімімен.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы *С. Қасымбек*

Аудандық мәслихаттың хатшысы *С. Қалдыкөзов*

